20.09.2021-ғы № 04-08/3141 шығыс хаты
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТІРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Петропавл к., Қазақстан Конституциясы қ., 72
тел/факс:(7152)33-28-75
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

г.Петропавловск,ул. Конституции Казахстана, 72
тел/факс:(7152) 33-28-75
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

«___»_____ №_____

«АЛИ-СК» ЖШС
Қызылорда қаласы
Құтпанов көшесі, 8

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздердің 2021 ж. 07.09. №120160 (1101-ЗТ-А) және №120161 (1102-ЗТ-А) өтініштеріңіз негізінде «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ №42400132-ОК1 лот бойынша №6127295-1 ашық конкурс тәсілімен өткізген *«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Саумалкөл ауылы М.Янко көшесі бойынша балалар ойын алаңын жайластыру»* мемлекеттік сатып алу бойынша камералдық бақылау өткізді, онда Сіздің өтініште көрсетілген дәлелдеріңіз расталған жоқ.

Мысалы, әлеуетті өнім беруші «Ригель-Север» ЖШС конкурсқа қатысқанға дейін негізсіз жіберу мәселесі бойынша «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 ж. 04.12. № 434 Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына *«әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарына ие болу»* сәйкес екені анықталды.

Заңның 9-бабы 3-тармағына сәйкес «*Әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады».*

Конкурстық құжаттаманың 16-тармағы 1) тармақшасына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімде Конкурстық құжаттамаға 5, 5-1, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтер болуға тиіс.

Конкурстық құжаттамаға 5-1-қосымшаның 4 және 8-тармақтарына сәйкес әлеуетті өнім берушілер, егер меншікті (меншік құқығын растайтын құжаттарды қоса беру), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттарды қоса беру) болса, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, жұмыстарды орындау үшін қажетті материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтерді көрсетеді. Материалдық ресурстарды жалдау құқығын растайтын құжат жалдау шартының **электрондық**

20.09.2021 ЭҚАБЖ МО (7.18.4 нұсқасы)

<u>көшірмесі</u> не алдын ала жалдау шартының **<u>электрондық көшірмесі</u>** болып табылады.

Конкурстық құжаттамаға 1-3-қосымшаның 4-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші *«66 кВт (90 л.с) тракторда бұрғылау тереңдігі 1,5-3 м бұрғылау-кран машиналары – 1; Электр ажарлағыш машиналар – 1; Тереңдікті дірілдеткіш – 1; Газбен дәнекерлеуге және кесуге арналған аппарат – 1»* материалдық ресурстарының болуы бойынша біліктілік талаптарын белгіледі.

Сонымен қатар, әлеуетті жеткізуші «Ригель-Север» ЖШС конкурстық құжаттамаға 5-1-қосымшада «Қызылжар Энерго Сервис» ЖШС тиесілі жалға алынған материалдық ресурсты, атап айтқанда, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсына отырып *(2021 ж.29.07. № 10/21 мамандандырылған техниканы жалдау шарты, 2018 ж. 29.01. № 000035 техникалық паспорты), «ВМ-205д, 66 кВт-1 тракторында 1,5-3 м тереңдіктен бұрғылау кран қондырғысын»*, сондай-ақ біліктілік талаптарына сәйкес келетін растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, *«GM-245 (7.5) мозаикалық тегістеу машиналары - 1; терең ВИБРОМАШ ВИ-1-13-3 тереңдікті дірілдеткіш – 1; РОАР КГС-2М-П - КГС-2м-П жиынтықта (пропан, РС-3П-100 + ГСП-4), РОАР газбен дәнекерлеуге және кесуге арналған аппарат – 1»* мәлімдеді.

Осылайша, конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Ригель-Север» ЖШС өтінімін материалдық ресурстарды иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келетін ретінде конкурсқа қатысқанға дейін негізді түрде жіберді.

Конкурстық өтінімде «10 т автомобиль жүрісіндегі крандарға» растайтын құжаттарды ұсыну мәселесі бойынша Сіздің дәлелдеріңіз назарға алынды.

Камералдық бақылау ҚР Қаржы министрінің 2015 ж. 30.11. №598 бұйрығымен бекітілген камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 21-тармағына сәйкес жүргізілгенін атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабының 6-тармағына сәйкес *«Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағым жасауға құқылы».*

Департамент басшының м.а. **Т.Дүйсенбеков**

Орынд.: Ереженов Ж.Ж.
Тел.: 8(7152)33-28-75

20.09.2021 ЭҚАБЖ МО (7.18.4 нұсқасы)